

Владимир КОЗЛОВ:

«ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫН БІРІКТІРУШІ ФАКТОР»

«Алға, ДВК» халықтық партиясы» қоғамдық ұйымының саяси кеңесі президиумының мүшесі Владимир Козловтың «Неказахи» атты мақаласы қоғамда біраз пікір тудырғаны белгілі. Онда Қазақстандағы ұлт саясатының, ұлтаралық қарым-қатынастың мәселелері сөз болады. Біз Владимир Козловпен арнайы жолығып, оның қазақ тілі, Қазақстан халқы туралы пікірін бөліскенді жөн көрдік.

– Владимир Иванович, біз Сіздің «Неказахи» атты мақалаңызды оқып, онда халықтың көкейінде жүрген көптеген мәселелерге қанық болдық. Ұлттық саясат туралы ойларыңыз көкейге қонымды.

Жалпы, Қазақстанда жүргізіліп жатқан ұлтаралық саясат Сіздің көңіліңізден шыға ма?

– Бізде ұлтаралық саясат жүргізіліп жатқан жоқ. Мемлекеттік ұлттық саясатты көріп отырған жоқпын. Менің түсінігімде мемлекеттік саясат дегеніміз, мемлекеттік бағдарлама. Ұлтаралық саясатқа қазақ тілін дамыту ісі де кіреді. Ол мемлекеттік ресурстармен қамтамасыз етілген болуы қажет.

– Қандай?

– «Бүгін қазақ тіліне кім үйретеді?» осы жағын баса ойлану керек. Мен өз материалымда біраз сан-цифрларды келтірдім. Бүгінгі жағдайға қарасақ, мемлекеттік тілді білмейтіндер, тіл үйренемін десе, оған оншақты жыл қажет болады екен. Біз қазақ тілін жоғары деңгейде үйрете білетін ондаған мың педагогтарды дайындауымыз керек. Бүгін қазақ тілін жоғары деңгейде үйрете алатындар шет тілдерін үйрету методикасын игергендер ғана. Мәселен, менің мұғалімім шет тілінің маманы. Егер мен қазақ тілін білмесем, маған оны үйрететін адамның методикасы шеттілінікі болуы қажет. Мен үшін қазақ тілінің методикасы орыс тілінің методикасымен бірдей болуға болмайды. Өйткені, орыс тілі менің өмір сүру тілім, сондықтан, оның кейбір ережелерін үйрену арқылы мен оны жетілдіре аламын. Ал, қазақ тілі мен үшін жаңа дүние. Кез-келген адам қазақ тілін жақсы білу үшін сол тілді жөнді білмейтін адамдардан дәріс алғаны дұрыс емес.

Менің қызым Ақтауда тұрады. Мен ол балабақшада жүргенде, ағылшын тілі мен қазақ тілін жетік білуі үшін арнайы лицейге бердім. Соның өзінде оның ағылшыншасы қазақшадан едәуір жоғары болды. Демек мен тіл үйретудің сапасы жайында айтып отырмын.

– Бұған, сіздіңше, кім кінәлі?

– Әрине, билік. Меніңше, бүгін мектепті бітірген бала қазақ тілін толық деңгейде игеріп шығуы қажет. Ол осы тілде еркін қарым-қатынас жасай алатын деңгейге жетуі керек. Егер, ол мемлекеттік қызметке жұмысқа тұрғысы келсе, бұл деңгейді жетілдіре түсуі керек. Демек, іс-қағаздарын жүргізе алатын деңгейге жетуі қажет. Ал, бүгінгі мектеп бітірушілер қазақ тілін қандай деңгейде үйреніп жатыр? 10-20 сөздің айналасында ғана. Яғни, қазақтілді ортада өмір сүре алмайды. Осыдан барлық шиеленіс туындайды. Заң бойынша, біз іс-қағаздарымызды мемлекеттік тілге бүгін болсын, ертең болсын көшіріп жібере аламыз. Онда біздің қазақ тіліне қашан көшуіміз қажеттігі көрсетілмеген. Қазақстандағы халықтардың барлығы осы кезеңде мемлекеттік тілді толықтай игеруі керек, ал мына кезеңде 80%-ы білуі тиіс деген анықтамалар жоқ. Мысалы, Қазақстанның кез-келген аймағын алайық. Бұл аймақ мемлекеттік тілге көшуге дайын ба? Алдымен ондағы халықпен пікірлесу қажет. Бұның нәтижесінде Қазақстан азаматтарының ешқайсысы тілдік қысымшылыққа ұшырамайды. Ал, біз ертең жаппай қазақ тіліне көштік деп елестетіп көріңізші, мен бірден өмір сүру мүмкіндігімді жоғалтамын. Мысалы, мен дүкенге барайын, ол маған орыс тілінде қызмет көрсетпей қойды делік. (Заң бойынша оның оған құқы бар).

– Дегенмен, Қазақстан тәуелсіз ел болғалы 14 жыл өткен жоқ па? Осы жылдары өздеріңіз үйренуге талаптанбадыңыздар ма?

– Бұл жылдарда, әуелі, маған тірлік ету қажет болды. Қазір мен қазақ тілін үйреніп жүрмін. Ол үшін аптасына үш рет екі сағаттан уақыт табуым керек. Қалған уақытымда өзімді және балаларымды асырау үшін, еңбек етуім керек. Бұл мен сияқты өркімнің басындағы жағдай. Бізге мемлекеттік көмек қажет. Олар тек менімен ғана жұмыс істейтін педагогтың ақшасын төлеуі керек. Егер, бір адамнан 20 кісі дәріс алатын болса, әрқайсысы жеке үйренгенен гөрі, 20 есеге аз білетін болады. Әрине, мен қазақ тілін үйренемін. Алайда, ешуақытта іс-қағаздары деңгейінде үйренбеймін. Менің мақсатым тілді қарым-қатынас деңгейінде үйрену. Алыс ауылдарға барып, қазақша сөйлесу. Алайда, мен заңды мемлекеттік тілде оқи аламын, заңдық құжаттардың барлығын жаза аламын деп айта алмаймын. Бұл Қазақстандағы қазақтардың 80%-ының да қолынан келмейді. Қазақ халқының қазақ тілін білу деңгейі де тұрмыстық деңгейден аспайды.

– Бұған дәйегіңіз қайсы? Бәлкім, Сіз орысша білім алған қазақтар туралы айтып отырған шығарсыз?

– Мен өзіміздің кеңседен мысал келтіре аламын. Бізде қызмет істейтіндердің 80%-ы қазақтар. Егер, біз құжатты мемлекеттік тілге аударайық десек, аудармашы жалдауға тура келеді.

Яғни, мен мемлекеттік тілде нан тауып жей алмаймын. Қазақ журналистерімен бәсекеге түсе аламын. Ал, тілді үйрене бастаған кез-келген адам, «мен мұны не үшін үйренемін?» деген сауал қояды. Мен тіл үйренуге уақытымды, қаржымды сарп еткеніммен, уақыты келгенде, менің қазақшам мені құтқармайды. Демек, қазақстандықтардың бәрі қазақ тілінде үйрениуі үшін өте көп уақыт қажет. Бұл үшін мемлекет 13 жыл бойы ештеңе тындырған жоқ. Мемлекет ондағы әрбір азамат мемлекеттік тілді үйренуі үшін алғашқы күннен бастап, бұған көңіл бөлуі қажет еді. Ол үшін әрбір бұрышта педагог болуы қажет, кез-келген бос уақытымда мен одан дәріс ала-алатын жағдай жасауы қажет. Бұл әрі тегін болуы керек. Қазір іс-қағаздарын мемлекеттік тілге көшіру аса баяу, ешкімнің құқына қол сұқпастан жүргізіліп жатыр. Бұл дұрыс делік. Бірақ, соған қарамастан тіл үйренуге ешкім асығар емес. Айталық, Солтүстіктегі орыстардың ойы – «мен бүгін бұған уақыт бөліп қайтемін. Егер, алда-жалда қазақ тілі үстемдік ете қалса, бәрібір Ресейге кетіп қаламын» дегенге саяды. Ал, мемлекеттік саясат дәл осындай идеяны туғызбауы керек. Ол көңілі алаң отырғандарға «жоқ, сіздер алаңдамаңыздар. Асықпай, тілді үйрене беріңіздер. Мемлекеттік тілге көшу кезең-кезеңмен жүрілетін болады. Біз ешкімнің құқығын аяққа таптамаймыз. Алайда, тілді үйреніңіздер. Өйткені, бұл Сіздер тұрып жатқан елдің, халықтың тілі мен мәдениеті. Оны үйрену арқылы, сіздер осындағы халықпен жақындаса түсесіздер. Ал, біз сіздерді елден қумаймыз» деген идеяны саналарына берік орнықтырулары керек. Әрине, мені ешкім бұл елден қумауы мүмкін. Алайда, қазақ тілін бірден енгізіп жіберсе, мен өзім кетемін. Мен ешкімнен саяси баспана да талап ете алмаймын. Ал, мұнда мен тұра алмаймын. Өйткені, тұру үшін, өмір сүру үшін тілді білуім қажет. Өзін осындай деңгейде сезінетін орыстар, «тілді үйрену қажет пе, жоқ па?» деген сезімде болады. Сондықтан да, өзге ұлт өкілдеріне тілді үйрену қажеттігін түсіндіру қажет. Бұл түсінік әрбір басқа ұлт өкіліне үгіт арқылы, өзін осы елдің бір азаматы ретінде сезіну арқылы, іштей ояуы керек.

Мен Ақтау қаласында туып-өстім. Ол жерде қазақ тілінде ешкім сөйлемейтін еді. Өйткені, бұл қалаға мамандар жан-жақтан келді. Алайда, мен ауыл балаларымен ойнап жүріп, анау ұлт сондай, мынау ұлт мұндай деген өлең жолдарын үйреніп келсем, әкем жанымды шығаратын. «Ендігері мұндайды естімейтін болайын» дейтін. Бұл ұлттарды құрметтеу жөніндегі үгіт еді. Бүгін бізде сондай үгіт-насихат жұмысы жоқ. Бізде мемлекеттік деңгейде жүріліп жатқан жұмыс байқалмайды. Бұрынғы коммунистік үгіт-насихаты адамдардан елдің азаматын тәрбиелеп шығарды. Олар Кеңес Одағын өз елі деп қабылдады. Ал, бізге дәл осы идеологияны бүгін керек. Біздің тұрғындар Қазақстанды өз елім деген идеяға жүгінуі қажет. Мен қазақтар бізді: «Сендер мұнда қаншама жылдар бойы тұрасыңдар. Алайда, әлі күнге дейін қазақ мәдениетін, әдебиетін, тілін білмейсіңдер» деп кінәласа, түсінемін. Бірақ, бұған біз кінәлі емеспіз. Балтық жағалауы елдері өз мәдениетін, тілін неге сақтап қалды? Олар орыс тілін үйренуге қарсы болмады. Алайда, ана тіліндегі мектептерге, басқа да білім ошақтарына, мәдени орындарға тиісуге жол бермеді. Ондағы өзге орыс өкілдерінің бәрі балтық елдерінің тілінде сөйлей біледі. Өйткені, олар мұндай саясатты ертеден жүргізді.

– Сіз Балтық жағалауы елдерінің қазіргі тілдік саясатын қолдайсыз ба?

– Жоқ. Мен бүгінгісі туралы айтып отырған жоқпын. Бұл бір сағатта, бір сәтте жүзеге асатын процесс емес. Кеңес Одағының кезінде-ақ, Министрлер Кабинеті ұлттық тілдің сақталуы үшін жұмыс жасауы қажет еді. Балтық елдері ұлттық мәдениеті үшін күресті. Олардың мектептерінде балтық елдерінің тілдері жақсы үйретілді. Балтық елдерінің мектебін бітірген орыстар сол тілде жақсы қарым-қатынас жасай алды.

– Ол кезде Алматыда жалғыз қазақ мектебі қалмады ма? Бұл 1986 жылғы мәлімет бойынша.

– Өйткені, Қазақстанды басқарған басшылар І хатшылық қызметінде ұзақ отыруды көздеді. Олар ұлттық мүддеден гөрі, өзінің дәрежесін, орнын сақтап қалуға тырысты. Ал, Балтық жағалауы елдерінің басшылары өз елінің мүддесі үшін қызмет етті. Біздің басшылар орыс тілін жасанды түрде енгізуге құлықты болды. Әрине, орыс тілі ол кезде қажет болды. Бірақ, қазақ тілінен айрылмау керек еді ғой. Бұнда тұрып жатқан елдің бәрі қазақша білуі тиіс еді. Ресей саясатымен келіспеген біреуін орнынан алып тастасын, екіншісін де сөйтсін. Бәрібір үнемі ауыстыра беру оларға тиімді болмас еді ғой. Ал, қазір біз тілді азғана уақыт аралығында үйренеміз дейді. Ондай мүмкін емес. Тілді үйрету үшін барлық ЖОО-ында қазақтан өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін сапалы деңгейде үйрете алатын кафедра жасақтау керек.

– Осы жылдар аралығында мекемелерде қазақ тілінің курсы ұйымдастырылған жоқ па?

– Әрине, ұйымдастырылды. Ал, оның сапасына мән берген адам бар ма? Әлде, әйтеуір үйреттік деген белгі салу үшін бе?

– Сіз жоғарыда аталған мақалаңызда бізде жалпыұлттық саясат жүргізіліп отырған жоқ дегенді айтасыз? Сіздіңше, ол қандай болуы керек?

– Оның жоқтығы, орыстардың көбі біз мұнда уақытша өмір сүріп жүрміз деген ойда. Тіл – халықтарды біріктіретін фактор.

– Ал, кейбіреулері әлі күнге дейін Ресейдің бір құрамдас бөлігінде жүрміз деген идеяда.

– Әрине, әсіресе, солтүстіктегі орыстар өздерін әлі күнге дейін сібірлікпіз деп ойлайды. Мен оларды да қолдамаймын. Жалпы, кез-келген шектен шығу мен біржақтылықты мен қолдамаймын. Шектен шығушылық – адамдарды болашағын жоғалтуға жетелейді. Сол үшін жақындасу жолын іздеу керек. Әркім, өзімдікі дұрыс деген ойдан арылу керек. Бір-бірімен түсінісуге бастар бағыт керек.

Қазақтың белгілі журналистерінің бірі, «Азат» газетінің бас редакторы болған, жақында жол апатынан қаза тапқан Батырхан Дәрімбет екеуміз осы мәселені ұзақ талқылайтынбыз. Ол қазақ ұлтшылы, қазақ мәдениетінің, қазақ тілінің бүгінгі халіне қатты күйінетін. Ал, менің де өз көзқарасым болды. Өйткені, мен орыстардың атынан сөйлеймін. Бірақ, қалай дегенмен де, біз бір-бірімізбен жақындасудың жолын, кілтін таптық. Сөйтіп, біртұтас түсінік қалыптасты. Оның қазақ ұлтшылдарының арасындағы беделі арқылы, өзгелерді осы идеяға тарта білдік.

Мен Ақтауда тұрып жатқан кезде, біздің көршілеріміз бакуліктер еді. Ал, Әзірбайжанда соғыс басталғанда, көрші отырған, әзірбайжан мен армян өлтіріп кетпесін деп бір-бірінен балаларын жасырып қойды. Демек, адами түсініспік жақсылыққа бастайды. Егер, біз әртүрлі тілде сөйлейтін болсақ, онда түсініспіктің де қалыптасуы қиын. Сол үшін тілді үйрену керек. Мен өз басым осы идеяны ақырындап, жайлап орыс халқының арасына таратпақпын.

– Демек, сіздің ойыңызша қазақ тілі – Қазақстан халықтарын біріктіруші фактор ғой?

– Әрине, бүгін солай. Мен тіпті, қос тілділікті де қолдамаймын. Бүгінгі таңда ол керек. Егер, бүгін тек қана қазақ тіліне көшіп кетсек, өмір сүру мүмкіндігінен айрыламыз. Ал, болашақта Қазақстан қос тілді мемлекет бола алмайды. Қазақстанда тұрып жатқан ұлт өкілдері өз тілдерін білсін, білім алсын, дамытсын. Алайда, мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Біз оны үйренуіміз керек. Ал, қазақ тілі мемлекеттік деңгейде кезең-кезеңімен енгізілуі тиіс. Қазіргі кезеңде әңгіме қазақша білмейтін орыстар туралы болмақ. Ал, екінші кезеңге келгенде, бұл көптеген қазақтарға да қатысты болады. Өйткені, екінші кезең, іс-қағаздарын жүргізуді қамтиды ғой. Ал, мемлекет бай ресурстары бола отырып, бұл мәселеден бойын аулақ салады. Керісінше, осы мәселеге бар ресурстарын салуы керек еді. Тіпті, мынадай ірі аумақтағы халықтың саны да бірнеше есе көп болуы қажет. Мәселен, қазақстандық теледидар өндіру үшін, оны сатып алушылар мол болуы керек. Бұл оның өзіндік құнын төмендетеді. Қытайдың өндірісінің қарқынды дамып бара жатқаны, халқының көптігінің арқасы. Халқы Қытай өндірген затқа сұраныс жасай алады. Біз тілдік мәселелеріміз бен ұлттық проблемаларымызды шеше алмай жатқанда, көп кешікпей қытайдың таяқшасымен қалай тамақ жеп отырғанымызды байқамай қалуымыз да мүмкін. Өйткені, онда жер жетіспей жатыр. Ал, Қазақстанның үстінен ұшып келе жатып, иен тегін жатқан жерге көздері түскенде олар жай ұйықтай алмас. Бұған қалай да басып кіру қажет деп ойлар. Сол себепті де, біз осы проблемаларды жан-жақты талқылай отырып, шешуіміз керек. Өйткені, бізге төніп тұрған қауіп бар. Демек, бізде ұлтаралық та, ұлттық та проблема бар.

– Сіз жалпы қазақстандық ұлт идеясын қолдайсыз ба?

– Қолдағым келеді. Алайда, бұл идеяны да бірден енгізіп жіберуге болмайды. Оны насихаттау керек. Кез-келген азамат бұған дайын болуы қажет. Мен үшін менің отаным Қазақстан, Ресей емес. Қазақстандағы орыстар Ресейдегі орыстардан мүлдем бөлек. Бұларды екі түрлі ұлт деп атауға да болады. Ресейлік орыстарда шовинистік идея басым. Олардың ұлттық шовинизмін туғызу оңай. Сондай-ақ, онда сауатсыз тұрғындар көп. Қазақстандағы қазақ еместер өмір сүру үшін сауатты, кәсіби деңгейі мығым болуы қажет. Себебі, қазір билікте 98% қазақ отыр. Бүгінде іскерлік қабілетің үшін емес, ұлтың үшін емес, жұмысқа туыстық жақындығың үшін алады. Өйткені, бұның бәрі жемқорлықтан туындап отыр. Егер қандай да бір лауазымды жұмыс орны пайда болса, ол орын үшін төлеу керек. Ал, шенеунік бұл қылмысын өзгелер білмеу үшін, туысқандарын жинай бастайды. Бүгін жемқорлық жайламаған бірде-бір саланы таба алмайсыз. Бұл басқа әңгіменің тақырыбы.

– Бізде Қазақстанда тұрып жатқан қазақ еместер жайлы, олар патриоттар емес деген түсінік қалыптасқан. Олар Қазақстанда бүгінгідей молшылық кезде өмір сүріп отыр. Егер, құдай бетін аулақ қылсын, қандай да бір күн туа қалса бәрі кетіп қалуы мүмкін. Тіпті, осындай сауалнама жүргізіп те көрген. Нәтижесінде сұралғандардың 65%-ы Қазақстанды қорғауға дайын еместігін айтқан. Демек, мұнда тұратын тұрғындар өз елінің патриоты емес. Сіз бұнымен келісесіз бе?

– Әрине, ондайлар бар. Өкініштісі, өте көп. Бірақ, мұндағылардың бәрін олардың қатарына қосып қоюға болмайды. Бұлардың арасында өзін ұлтшыл есептейтіндер де бар, сондай-ақ, жоғарыда мен айтқан, кетуге мәжбүрлер бар. Мемлекет саған өз баласы ретінде қатынаспаса, ол елдің патриоты болу да қиын. Бұл жерде тағы да тілдік проблема туындайды. Егер, ол ертең жұмысынан айрылып қалатынын білсе, әрине, ол үнемі алаңдаумен болады. Оның бұл отанда тамырын терең жайғаға мүмкіндік жоқ. Дегенмен, мен ешуақытта бұл елден кеткім келмейді. Тек қана, өмір сүру мүмкіндігім жоғалса ғана, кетуім мүмкін.

– Бізде оппозиция ұлттық құндылықтарды ескермейді деген де пікір бар. Сіздердің бағдарламаларыңызда ұлттық мәселелерге арналған баптар бар ма?

– Бар, әрине. Алайда, бүгін біз партияның бағдарламасын жасадық. Енді соның қазақша аудармасын жасай алмай отырмыз. Бізде қазақшаға аударғаннан, ағылшыншаға аудару процесі тез жүреді.

Ал, біздің бағдарламада бүгінгі таңда мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық тіл ретінде орыс тілін сақтау қажеттігі айтылған. Бүгін басқаша болуы мүмкін емес. Ал, мемлекеттік тілді мемлекеттік бағдарламалар арқылы дамыту керек.

– Сіздіңше, оппозиция алдағы сайлауда жеңуі мүмкін бе?

– Жоқ, біз сайлауда жеңіске жетпейміз. Алайда, өткен сайлаумен салыстырғанда, біздің жақтастарымыз осы сайлауда көбейіп жатса, біздіңше, жеңіс осы.

– Рахмет!

Әңгімелескен Есенгүл КӘПҚЫЗЫ

Телеарналардың тоңмойындығы түңілдіреді

Соңғы жылдары Қазақстанда қоғамның санасын улы саныраукұлақтай зәһәрландырып, рухани мешеулікке ұрындыруды басты міндет етіп қойған және осы мақсат жолында қаржыны мейлінше аямай шашып отырған ақпараттық институт — қой терісін жамылған бірқатар тәуелсіз телеарналар екенін еріксіз мойындауға мәжбүрміз. "Ауруын жасырғанды ажал әшкерелейді", — ондайлар еліміздің саяси, мәдени, рухани мүдделеріне керағар іс-шаралар атқарып, қолдан келгенше екіжүзді саясат жүргізіп отырғандығының бүгінгі күнге дейін жасырын-жабулы қалғаны адамдардың осыған дейін еліміздегі бейбітшілік, ұлтаралық татулықты, сыйластықты жоғары қоюынан ғана еді. Дегенмен, шыдамның шегі, қылдай тартылған төзімнің таусылар кезі бар. Ресми тілде айтсақ, «и» төбесіне нокат-нүктені қоятын уақыт әлдеқашан жетті. Әлгіндей телеарналардың ұлттық ортақ идея, мемлекеттік идеологияны қалыптастыру міндетінен тыс қалғандықтары сонша, оны насихаттау қасиетті борыш, басты парыз деп бір сәт санап көрген емес. Оның есесіне, «Еуразиялық бірлестік, одақ» дейтін, тасасында баяғыша бодандықтың қара құлағы қылтиып тұрған қисынсыздықты талмай насихаттауды соңғы уақытта күрт өрістеткені сондай, қазір Отанымызда "казак", "казақтық" деген сөздер мен атауларды ауызға алу анахронизм, әбестікке айнала бастағандай. Қаламгер М.Мағауин өзінің "Ұлтсыздану ұраны" енбегінде мұны ашып, ашынып жазды. Аталмыш қасиетті сөздерді "Қазақстан халқы", "жалпы қазақстандық" деген көпек, дүбәра сөздің ауыстыруы түбі рухани, адами апатқа әкеліп соқтыратыны талай айтылғанымен, әлгі үрейлі құбылыстың беті қайтар емес. Керісінше, күн өткен сайын үдеп барады және қауіпті осы үрдісті қалыптастыруға телеарналар жан сала жұмыс істеуде. "Ай дер ажа, қой дер қожаның" жоқтығынан қызметтерін өркениет, жаңа заман талабына сай жүргізуін талап еткен көрермендерге, жалпақ қауымға топырақ шашып, доңыз айбат жасауды жетік меңгеріп жүр. "Қаламағандарың тетікті басып, басқа арнаны ауыстырып көруге шамаларың келеді" дегенге сүйенеді. Кеудемсоқтық, өзгелердің пікірін құлаққа ілмеу, киямпұрыстық, шектен шығу көпе-көрнеу көзге ұрады. Әрине, дені-қарны сау, ой-өресі биік кісілер теледидар құлағын шырт етқізіп, басқа арнаға ауыстырар (сөйтіп те жүр), бірақ, тандауы, өмірге, өнерге көзқарасы әлі толық қалыптаспаған жасөспірімдер мен балалар, артық жүріп-тұруы қиын егде адамдар, енбек, соғыс ардагерлері, мүгедек жандар жүгіре алмайды ғой.

2001 жылғы 11 қыркүйектегі АҚШ трагедиясынан соң қалыптаскан жағдайға орай БАК-тарға, әсіресе, электронды ақпарат құралдарына көзқарас, талап, тіпті, әлгілердің міндеті де біршама өзгеріске ұрынғаны аян. Амал қанша, қазақ теледидары ескінің күрсауынан, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан тоқыраған XX ғасырдағы тоқсаныншы жылдардың деңгейіне әлі өсе алған жоқ. Ол ол ма, эфирге екінші сортты көрсетілімдерді тоғыта түсуде. Мәселен, көрермендері негізінен жастар аудиториясы болып табылатын «Шахар» "Hit tv" телеарнасы музыка, әндердің көмегімен өткенге жаппай ностальгия туғызып, осы арқылы бұрынғы қоркынышты елесті қайта тірілтпекші. Олардың "Hit СССР. Хош не хош, наше!" «Hit СССР. Сделано в СССР», "Hit СССР. Сливки общества", "Hit СССР. Ура — Ленину" деп күн сайын 3-4 сағаттан тұтас хабарлар арнауы СССР-дың кезінде өмір ғана емес, музыка да мықты болған деудің әуресі ғана. Тарих пен уақыттың екшеуінен өткен халықтық нұсқалар болмаса, советтік музыка, кейбір үлгілерін есепке алмағанда, ешқашан жоғары деңгей дәрежесіне жетіп, бүкіладамзаттық құндылық, мұра ретінде қабылданған емес. Оған жалпы өнердің барлық саласын, оның ішінде, музыканы да идеология сойылына айналдырып жіберген "идеяшылдар" тікелей айыпты болатын. Бүгінгі жастар білмеуі орынды , ал "Битлз" бен "Роллинг Стоунз", «Пинк Флойдты» Элвис Преслиді, Уэйст Монтгомери блюзін, тіпті, Фредди Мерькюри, Стинг әндерін олардан бұрынғы Луи Армстронг саксофонын жасырынып тыңдаған совет студенттері комсомолдан, оқудан, жатақханадан шығарылғанына мысал көп. Батыстың жат идеяларын насихаттаушылар ретінде Владимир Высоцкий, Вилли Токарев сындылар билік тарапынан аямай қуғынға түскен-ді, мектептерде ұзын шаш қойғандардың төбесінен кику кеткен емес. Тіпті, күні кеше, 70-ші жылдардың ортасында оныншы сыныпты тәмамдап, мемлекеттік емтихан тапсыру кезінде өзімізді де шашымыздың сәл ұзындығы үшін завуч емтихан тапсыртпай, кабинеттен қуып шыққан. Қайғырсақ та кештетіп шаш алдырдық, келдік күн бата мектепке, мұғалімдер «ведомость» толық болуы үшін сыртымыздан баға қойып жіберіпті. Өтті-кетті ғой, бірақ миға қонбайтын сорақылық та!

Әлгіндей телеарналардың өздері ұсынған көрсетілімдерді жоғары бағалайтындары соншалық, өзгелердің бәрі осыған разы болуға тиісті деп біледі және бұл қасаң көзқарастарында мысықтабандап тұрып қалған. Ескі жылдың қарындай жібімейді! Жөнсіз болса да өздерінің сойылын соғып, сөзін сөйлейтіндерді шет елдерден іздеуді, квазидемократия, псевдоөркениетті тозған тулақтай кесе-көлденең сүйретіп, әлемдік әңгіме, бүкіладамзаттық критерийлерді көнірсітіп, бетпақтырмауды қолжаулық кәсіп қылып жүр. Көбіне олардың рухани қолдаушылары, арқа сүйерлері дәп іргедегі алып елде екені айтпай анғарылып қала беретіні де сондықтан.

Биылғы жылдың мамыр айында Алматы қаласының әкімияты 60 млн. теңге бөліп, қаладағы 20 субұрқақты күрделі жөндеуден өткізді, кентімізде субұрқақтар бір күнде жаппай күміс тамшылар атқылап, бұл шара жаппай мерекеге айналды. Әрине, бұл кең тұрғыдан алғанда титімдей ғана қуаныш шығар, бірақ қала тұрғындары мейлінше мәз-мейрам болып, бір серпілгені анық.

Әсілі, Тәуелсіз Қазақстан, мұндағы халықтар үшін жақын шет ел, алыс шет елдің де еш айырмасы жоқ екендігін мойындар кез келді. Аса өкініштісі мемлекетке тарихи атауын берген этностың — қазақтың қамын жеуге тиісті қазақстандық шенеуніктердің көбі осынау китұрқыларға табанды қарсылық танытудың орнына, «аш құлақтан, тиыш құлақ» дейтін шығар, әйтеуір аузынан сөзі, қойнынан бөзі түскен ынжықтықтан арыла алар түрі жоқ.

Биыл да Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі кезекті тендер өткізу түсында орыс тілді, әсіресе, ортасында небары бір-екі беттік «Казахстан —...» деген қосымшалар шығарып жүрген ресейлік басылымдарға баса ілтипат көрсетіп, иіліп төсек, жайылып жастық болудың аскан үлгісін танытып, түрлі сылтаумен мейлінше қолайлы жағдай жасап бақты. Есесіне, қазақ тілді ақпарат құралдарының басым бөлігі мемлекет тарапынан демеу, азын-аулақ қолдаудан біржола айрылды. Елімізде мемлекеттік тіл мәртебесін биіктету жолындағы күрес, тайталастың оты өршіп тұрған екі ұдай сәт, қиын өткел түсында тағы бір сорақылық осылайша сопан еткен.

Кейбір телеарналар мемлекеттік тілдің қолдану аясын ұлғайту, қазақ тіліндегі хабарлар мен көрсетілімдерді көбейту сынды өзекті, соқталы мәселеге сокыр аттай шекелеп қарауға ете өліп алғаны соншалық, таяуда Мәжілісте талқыланған «ҚР территориясында халықаралық және шетелдік коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерінің (арнайы бөлімшелерінің) іс-әрекеті туралы кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы», «Әскери жағдай туралы Заңға өзгертулер мен толықтырулар» енгізу талабына, ең бастысы, Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізуге жасалған қыт қадамдарды күстаналап, қарсы өре түрегелді. Олардың әлемде, іргелес елдерде соңғы кездері жиі бой көрсетіп отырған әлеуметтік дүмпулер, террорлық әрекеттер елімізді еріксіз мәжбүрлеп отырған қадамдарға қарсылығы соншалық, кейде әлгілерге Қазақстан тыныштығы, бейбіт өмір, Отан мүддесі күреш тиынға татымайтын, қайта күні қаран болған державашылдық, империяшылдық біртабан жақын сияқты анғарылады. Іріп-шіріген идеяның көнірсік иісі қолқа қабады. Мәжіліс депутаттарын мұқату, кекесін, іліп-шалуды әдетке айналдырып, осы түлкібұланның тасасынан да "Қазақстан онған мемлекет бола алмайды!" деген өнезе ой, намыска тию анғарылады. Өйткені, "Барша сенім жүктеген ардақтыларыннның түрі мынау" дегенді түспалдағансиды. Биылғы жылдың мамыр айында Алматы қаласының әкімияты 60 млн. теңге бөліп, қаладағы 20 субұрқақты күрделі жөндеуден өткізді, кентімізде субұрқақтар бір күнде жаппай күміс тамшылар атқылап, бұл шара жаппай мерекеге айналды. Әрине, бұл кең тұрғыдан алғанда титімдей ғана қуаныш шығар, бірақ қала тұрғындары мейлінше мәз-мейрам болып, бір серпілгені анық. Ал осыны көптеген тәуелсіз телеарналар айтып, көрсетіп те әуре болмады. Түк іс атқарылмағандай ауыздарына құм толтырып, үнсіз қалды, бірқатары тырнақ астынан кір іздегенсіп, мазақ қылғансып жеткізді мұны қалың қауымға. Және осындай біржақты қыршаңқы қатынас олар үшін жазылмаған ереже болып қалыптаскан сияқты, сөйте тұра, амбициялары аспандағы бұлттардан да биік-ей! Киямпұрыстық, кеудемсоқтықтары соншалықты, кит етсе "рейтинг" деген сылтауды алға тосып шыға келеді және өздеріне жана заман талаптарына сай сын айтқандарға қарсы тосар Рубикондары ылғи осы. "Бұдан аттай алмайсын!" дегенді дөнайбатпен ұқтырып жүр.

Телеарна хабарларының рейтингін кімдер қандай жүйемен анықтайтынын Құдайым білсін, әйтеуір дәл солардың пайымы, таным-түсінігі, ой өресі жағынан Жер планетасында тұрмайтын, көдімгі адамдардан бөлек жаратылыс сияқты көрінеді кейде. Әйтпесе, кей телеарналардың бағдарламаларына көз жүгірткенде бұл жерде жоғары, төмен рейтинг туралы сөз болмауы керек сияқты. Тіпті, рейтинг тұрар тұс, тесік таппайсыз.

Прайм-тайм делінетін уақыт үзігінде телеарнадағы көрсетілімдер осылар.Дәп осылай күн сайын, апталап, айлар бойы қайталана береді. Тек сериал, фильмдердің аттары өзгеруі ықтимал.

Еріксіз куә болып отырғандай, бірқатар елдер, әсіресе, Ресей сапасыз, жасық киносериалдарын қаптатып, борсыған саркыттарын телеарналарымыздың астауына құюда. Ен сорақысы сол, олардың өз елдерінде тыйым салынып, көрсетілуі тоқтатылған бірқатар хабарлар әлі күнге біздің телеарналарда жүргізіліп келе жатыр. Таяуда ресейлік белгілі телешолушы Ирина Петровская ханым: "Совсем недавно в программе "Окна" они и не такое слушали и смотрели. И зрители в конце концов это просекли. И ушли, отказав "Окнам" в доверии и интереса", деп ("Известия" газеті 1 шілде, 2005 жыл) ашына жазды. Ресейдегі беделді Тэффи сыйлығын тағайындайтын академиктердің бірінің айтқанына алып-қосарымыз жоқ. Қазақ айтар сөзді айтқан академикке алғыс дейміз.

Телеарналарымыз тәуелсіздігіміз үшін қызмет ететін ғажайып кезенді әлі талмай күтуде көрермен пақырлар. Ансаған күнге де жетерміз-ау, аман болсақ.

Жанабек ШАҒАТАЙ